АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИНДЕР АУДАНЫ

БӨДЕНЕ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ
ӨКІМІ

АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТЬ
ИНДЕРСКИЙ РАЙОН

РАСПОРЯЖЕНИЕ
АКИМА БОДЕНЕВСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

5. 05. 2022 жыл
Бөдене ауылы

№8- ө
село Бодене

Су сору жұмыстарына қажетті құралдарды сатып алу жұмыстарын жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39- бабының 3- тармағының 42- тармақшасын басшылыққа алып және төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының 2022 жылғы 27 ақпанда өткен кезектен тыс мәжілісінің №2 хаттамасын басшылыққа алып:

1. Бөдене ауылдық округінің көктемгі су тасқынына қарсы арнайы және инженерлік техникалырдың базасын нығайту мақсатында су сору мотопомпаларын сатып алу жұмыстары бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілсін.

2. Сатып алу жұмыстарын жүргізу үшін келісім- шартқа отырып, веб-порталға орналастыру есепші Г. Төлеуоваға міндеттелсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Округ әкімі **Ж.Гизатов**

000008

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының кезектен тыс мәжілісінің №2 ХАТТАМАСЫ

27 ақпан 2022 жыл

Индербор кенті

Төрағалық еткен: Индер ауданының әкімі С.Өтегұлов

Хатшылықта: Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы П.Сақыпкереев

Қатысушылар: комиссия мүшелері және қосымша шақырылғандар (тізім бойынша)

1. Индер ауданында жауған жаңбыр және еріген қар суларының салдарынан көшелерде жиналған суларды яғни тұрғын үйлерді су басу қауіпінің алдын-алу мәселесі

1. Индербор кенті, ауылдық округтер әкімдері, «Атырау –Жарық» АҚ-ның Индер аудандық ЭЖБ-не, «ИСИГипсИндер» ЖШС, «ИндерСу» КМК, «Интергаз-Орталық Азия» АҚ-ның Индер желілік-өндірістік басқармасына:

- Аудан көлеміндегі жауған жаңбыр және еріген қар суларының салдарынан орын алып жатқан жағдайларға теңгерімдегі техникаларды жұмылдырылсын.

мерзімі: 2022 жылдың 27 ақпанға дейін.

- қажеттілігіне байланысты қосымша мотопомпаларға сұраныс берілсін, тез арада сатып алынсын.

мерзімі: 2022 жылдың 27 ақпанға дейін.

2. Индербор кенті, ауылдық округтер әкімдеріне:

- тұрғын үйлерді су басу қауіпінің алдын алу және оған дайындық іс-шараларын ұйымдастыруға, сондай-ақ төтенше жағдай кезінде еріктілер қызметін ұйымдастырсын.

мерзімі: жағдайға байланысты.

3. Аудандық Полиция бөліміне:

- Аудан көлеміндегі жауған жаңбыр және еріген қар суларын сору жұмыстары кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында патрульдік қызметтің жолдарды жабуды ұйымдастырсын.

мерзімі: жағдай тұрақты болғанға дейін.

4. Аудандық төтенше жағдайлар бөліміне, аудан әкімі аппаратына:

- Аудандық комиссия мүшелеріне төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бағытында комиссияның жұмыс тәртібі мен әрекет ету шаралары жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізсін.

мерзімі: тоқсан сайын

Комиссия торағасы: **С.Өтегұлов**

Комиссия хатшысы: **П.Сақыпкереев**